

## Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 4-1/546 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 шілдеде № 11804 болып тіркелді.

"Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 2 шілде

# Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2019 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) астық иесі – астығын астық қабылдау кәсіпорнына сақтауға берген жеке немесе заңды тұлға;

2) астық партиясы – астық сапасы туралы мәліметтері бар құжаттармен ресімделген, бір жылғы егіннің сапасы бойынша біртекті оқшауланған астық мөлшері;

3) астықтың сандық-сапалық есебі – астық қабылдау кәсіпорнында астықты қабылдау, тазалау, кептіру, сақтау, орнын ауыстыру және тиеп жөнелту процесінде онымен жасалатын барлық операцияларды есепке алу және тіркеу жүйесі;

4) есеп актісі – астық иесіне жіберуге жататын астық және (немесе) астық қалдықтарының мөлшерін айқындау үшін астық қабылдау кәсіпорны жасайтын құжат;

5) есептелген нақты салмағы – ылғалдылығы, арамшөп және дән қоспасы бойынша астық иесі мен астық қабылдау кәсіпорны арасындағы шартта айқындалған және астықтың сақталуын қамтамасыз ететін нормаларға келтірілген астықтың нақты салмағы;

6) дербес шот – астық қабылдау кәсіпорны әрбір астық иесі, сыныбы және сорты бойынша жеке жүргізетін астықтың сандық-сапалық есебі кітабының құрамдас бөлігі;

7) жергілікті атқарушы орган маманы – астық нарығы саласында өз өкілеттігін жүзеге асыратын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органның (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) құрылымдық бөлімшесінің маманы;

8) материалды жауапты тұлға – сақтауға қабылданған астықтың сандық-сапалық сақталуына жауап беретін астық қабылдау кәсіпорнының лауазымды тұлғасы;

9) нақты салмағы – таразыда өлшеу жолымен айқындалған астықтың массасы;

10) тазарту актісі – астықты есепке алу мақсатында астық қабылдау кәсіпорны жасайтын құжат;

11) түгендеу – астықтың нақты бар болуының және оның сапасының есептік деректерге сәйкестігін тексеруге бағытталған іс-шаралар кешені.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Астықпен жасалатын барлық операциялар (қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау, тиеп жөнелту), сандық-сапалық есебі және тиісті құжаттарды ресімдеу 1 килограммға дейінгі дәлдікпен нақты салмақта жүргізіледі. Астық қолхатын шығару және оны астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімінде (бұдан әрі – АҚҰМЭТ) ресімдеу кезінде есепке жатқызылған нақты салмақ көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.05.2019 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-параграф. Астықтың келіп түсуін ресімдеу**

4. Астық қабылдау кәсіпорнына келіп түсетін астықты өлшем бірліктерді қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеруден өткен таразыларда өлшенгеннен кейін материалдық жауапты тұлға мөлшері бойынша қабылдайды.

5. Автомобиль көлігімен келіп түсетін астық тауарлық-көліктік жүкқұжаттарымен бірге жіберіледі. Тауарлық-көліктік жүкқұжат әрбір автомобиль партиясына (жеке автомобиль немесе тіркемесі бар автомобиль (трактор), автопоезд) жазылады. Әрбір автомобиль үш (төрт) дана тауарлық-көліктік жүкқұжаттармен бірге жіберіледі.

Басқа астық қабылдау кәсіпорындарынан автомобиль көлігімен келіп түскен астық партиясы тауарлық-көліктік жүкқұжатпен және сапасы туралы құжатпен (осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықты талдау карточкасымен (бұдан әрі – астықты талдау карточкасы) және астық иесінің қалауы бойынша, Заңның 6-бабы 10) тармақшасына сәйкес бекітілетін Астық сапасын сараптау тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптар сай берілген астық сапасы паспортымен (бұдан әрі – астық сапасы паспорты) бірге жүреді.

6. Өндірістік-технологиялық зертхана (бұдан әрі – ӨТЗ) маманы Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына және мемлекетаралық стандарттарға (бұдан әрі – стандарттар) сәйкес астық сапасын айқындау үшін астықтың әрбір келіп түскен автомобиль партиясынан сынама іріктеп алады. Сынаманы іріктеп алу кезінде маман

дақылдың және автомобильдің мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің тауарлық-көліктік жүкқұжаттың деректеріне сәйкестігін тексереді. Іріктеп алынған сынама бойынша астықты орналастыру үшін қажетті сапасына алдын ала талдау жүргізіледі. Алдын ала талдау нәтижелері бойынша жүкқұжаттың бірінші данасында астықты түсіру нүктесі көрсетіледі.

7. Таразыда жүргізуші барлық тауарлық-көліктік жүкқұжаттарды оларға өлшеудің нәтижелерін енгізетін таразышыға береді. Жүкқұжаттардағы деректер әрбір тақ және жұп күндер бойынша жеке жүргізілетін, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автомобильдер таразысында жүктер өлшеуді тіркеу журналына енгізіледі. Жүргізушіге бірінші данасынан басқа барлық жүкқұжаттар қайтарылады.

8. Астық темір жол көлігімен келіп түскен кезде вагонның бүтіндігі, саңылаусыздығы және пломбасының болуы тексеріледі.

Темір жол көлігімен келіп түскен астық темір жол жүкқұжатымен және сапасы туралы құжатпен (астықты талдау карточкасымен және астық иесінің қалауы бойынша астық сапасы паспортымен) бірге жүреді. Егер жолда жүк жете тексерілсе, онда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 13174 болып тіркелген) бекітілген Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларына сәйкес астық вагонды, контейнерді ашу актісімен де бірге жүреді. Темір жол жүкқұжаты және сапасы туралы құжат әрбір вагонға жазылады. Өлшеу нәтижелері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша вагон таразыларында жүктер өлшеуді тіркеу журналына енгізіледі.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.07.2018 № 297 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Келіп түскен астықтың сапасын айқындауды астықты сақтау шартында көрсетілген стандарттарға сәйкес ӨТЗ мамандары жүргізеді. Сынаманы талдау нәтижелері астықты талдау карточкасымен ресімделеді және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зертханалық талдаулар нәтижелерін тіркеу журналында тіркеледі.

10. Тәуліктің соңында таразышы барлық тауарлық-көліктік жүкқұжаттарды бухгалтерияға тапсырады. Әрбір астық иесі мен астықты түсіру нүктесі бойынша топталған тауарлық-көліктік жүкқұжаттар негізінде Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасын айқындай отырып, осы автомобиль көлігімен қабылданған астыққа арналған жүкқұжаттар тізілімі жасалады.

Астық темір жол көлігімен келіп түскен кезде темір жол жүкқұжаттарының негізінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша темір жол көлігімен қабылданған астыққа арналған жүкқұжаттар тізілімі жасалады.

11. Орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасын айқындай отырып автомобиль көлігімен қабылданған астыққа арналған жүкқұжаттар тізілімі немесе темір жол көлігімен қабылданған астыққа арналған жүкқұжаттар тізілімі (бұдан әрі – тізілім) жасалғаннан кейін ӨТЗ маманына беріледі, ол тізілімнің II бөліміне астықты зертханалық талдау нәтижелерін енгізеді. Енгізілген деректер ӨТЗ меңгерушісінің қолымен расталады.

Бұдан кейін тізілім астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтеріне қайтарылады, ол тізілімдегі және жүктер өлшеуді тіркеу журналындағы нақты салмақ деректерінің сәйкестігін, зертханалық талдаулар нәтижелерін енгізудің дұрыстығын салыстырып тексереді және тізілімнің III бөлімінде есептелген нақты салмағын есептеуді, IV бөлімінде астықты қабылдау, кептіру және тазалау жөніндегі қызметтер құнын есептеуді жүргізеді. Бұдан әрі тізілім оған қоса берілген тауарлық-көліктік жүкқұжаттармен бірге оның дұрыс толтырылуын тексеру және тізілімнің III бөлімінде көрсетілген ылғалдылық, арамшөп және дән қоспасы бойынша табиғи шегерімдерге сәйкес астық қалдықтары мен кептіру бойынша кемуді алдын ала есептен шығару үшін материалдық жауапты тұлғаға беріледі.

12. Тексеру біткеннен соң материалдық жауапты тұлға тізілімге қол қояды және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық сақтау қоймасындағы астық пен ыдыстың қозғалысы туралы есеп жасайды. Бұдан әрі тізілім мен есеп астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтеріне қайтарылады, ол астық қабылданғаннан кейінгі екінші тәулікте тізілімнің екінші данасын астық иесіне береді.

13. Астық сақтау қоймасындағы астық пен ыдыстың қозғалысы туралы есеп егіннің жылы, дақылдар, сыныбы бойынша күн сайын қорытынды жасай отырып жүргізіледі. Есеп материалдық жауапты тұлғаға бекітіліп қойма, қоймалар тобы, элеватор бойынша жүргізіледі.

## **2-параграф. Есептелген нақты салмағын есептеу**

14. Есептелген нақты салмағы ылғалдылықтың, арамшөп және дән қоспаларының келісілген нормаларын ескере отырып, нақты салмағынан ылғалдылық, арамшөп және дән қоспалар бойынша табиғи шегерімдер пайызын айқындау жолымен келесідей тәртіппен айқындалады:

1) ылғалдылық бойынша табиғи шегерім пайызы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$100 \times (a - б)$$

$$Ув = \text{-----},$$

100 - б

мұндағы: Ув - ылғалдылық бойынша табиғи шегерім пайызы;

а - кіріс бойынша астық ылғалдылығы, %;

б - сақтау шарты бойынша астық ылғалдылығы, %;

2) арамшөп қоспасы бойынша нақты шегерім пайызы мынадай формула бойынша есептеледі:

$(в - г) \times (100 - Ув)$

$$Ус = \frac{\text{-----}}{100 - г},$$

мұндағы: Ус - арамшөп қоспасы бойынша табиғи шегерім пайызы;

в - кіріс бойынша арамшөпті қоспа құрамы, %;

г - сақтау шарты бойынша арамшөп қоспасының құрамы, %;

Ув - ылғалдылық бойынша табиғи шегерім пайызы;

3) дәнді қоспа бойынша табиғи шегерім пайызы мынадай формула бойынша есептеледі:

$(д - е) \times (100 - Ув)$

$$Уз = \frac{\text{-----}}{100 - е},$$

мұндағы: Уз - дән қоспасы бойынша табиғи шегерім пайызы;

д - кіріс бойынша дән қоспасының құрамы, %;

е - сақтау шарты бойынша дән қоспасының құрамы, %;

Ув – ылғалдылық бойынша табиғи шегерім пайызы;

4) ылғалдылық, арамшөп және дән қоспасы бойынша табиғи шегерімдердің жалпы салмағы (килограмма) мынадай формула бойынша есептеледі:

$П \times (Ув + Ус + Уз)$

$$У = \frac{\text{-----}}{100},$$

мұндағы: П - келіп түскен астықтың нақты салмағы;

5) есептелген нақты салмағы = П – У.

Формулалар бойынша табиғи шегерімдер 0,01 %-ға дейінгі дәлдікпен айқындалады.

15. Кептірілмеген астықтың есептелген нақты салмағы мынадай формула бойынша есептеледі:

$(в - г) (д - е)$

$$\text{Есептелген нақты салмағы} = П - П \times \left( \frac{\text{-----}}{100 - г} + \frac{\text{-----}}{100 - е} \right).$$

16. Егер, келіп түскен астықтың сапасы ылғалдылығы, арамшөп және дән қоспасы бойынша сақтау шартында көрсетілген нормаларға сәйкес немесе олардан жақсы болса, АҚҰМЭТ-ның астық қолхатында нақты сапасы көрсетіледі, ал есепке жатқызылған нақты салмақ нақты салмаққа тең болады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Жүгерінің және мақта тұқымының есептелген нақты салмағын айқындаған кезде тек ылғалдылық пен арамшөп қоспасы көрсеткіштері ескеріледі.

### **3-параграф. Астық тазалауды, кептіруді ресімдеу**

18. Астық тазалауды, кептіруді ресімдеу сақтау орындары бойынша (астық иелеріне бөлмей) жүзеге асырылады. Астықты тазалау, кептіру осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық қабылдау кәсіпорнының басшысы және ӨТЗ меңгерушісі қол қойған астықты тазартуға, кептіруге өкімнің негізінде жүргізіледі.

Астықты тазалау мен кептіруді бастағанға дейін және оларды жүргізгеннен кейін астық талдау карточкаларын ресімдей отырып, астық (астық қалдықтары) сапасын айқындау жүзеге асырылады.

Астық кептіргіштің жұмысын жедел бақылау үшін астық кептіргіш жұмысының есебі журналы, ал таразымен жабдықталған астық кептіргіштерде, бұдан басқа дымқыл және кептірілген астықты қайта өлшеудің таразы журналдары жүргізіледі.

19. Тазалау мен кептіру жүргізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тазалау және кептіру актісі жасалады. Астықтың үлкен партиясы тазаланған, кептірілген жағдайда, актілер айына кемінде екі рет жасалады. Актіге материалдық жауапты тұлға, ӨТЗ меңгерушісі қол қояды, оны астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтері тексереді және астық қабылдау кәсіпорнының басшысы бекітеді. Актілерге астық талдау карточкалары және жанама өнімдер мен қалдықтарды өлшеу ведомостары қоса берілуі тиіс.

20. Астықты тазалау кезінде алынатын жанама өнімдер мен қалдықтар мынадай жолмен жіктеледі:

1) жанама өнімдерге:

құрамында 70% – 85% астық бар дән қоспасы;

құрамында 50% – 70% астық бар дән қоспасы жатқызылады;

2) астық қалдықтарына:

құрамында 30% – 50% астық бар бірінші санатты қалдықтар;

құрамында 10% – 30% астық бар бірінші санатты қалдықтар;

құрамында 2% – 10% астық бар екінші санатты қалдықтар жатқызылады;

3) жарамсыз қалдықтарға:

құрамында 2 %-ға дейін астық бар үшінші санатты қалдықтар жатқызылады.

21. Жанама өнім мен қалдықтарда 10 %-дан артық бидай немесе қара бидай дәндері немесе осы дақылдардың стандарттары бойынша негізгі астыққа жатқызылған 20 %-

дан артық басқа дақылдардың дәндері болған кезде көрсетілген жанама өнімдер мен қалдықтар олардан негізгі астықты бөліп алу мақсатында қосымша тазалауға жатады.

22. Астықты тазалау кезінде алынған жанама өнімдер мен қалдықтар массасы бойынша қалдықтар цехына (қоймасына) жіберіледі.

Жанама өнімдер мен қалдықтар астық иесіне қайтарылады не кейіннен астық иесіне оның құнын өтеумен өткізіледі. Астық иесіне қосалқы өнімдер мен қалдықтарды тиіп жөнелту тазалау, кептіру жүргізілгеннен және астықты тазалау, кептіру актісі ресімделгеннен кейін ғана жүргізіледі.

Астық иесіне беруге жататын қалдықтардың көлемін айқындау үшін тізілімдер бойынша алдын ала есептен шығарылған қалдықтар тазалау кезінде алынған қалдықтардың нақты сапасын ескере отырып қайта есептеледі.

23. Астық иесі жарамсыз қалдықтардан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда, олар астық қабылдау кәсіпорнының аумағынан шығарылады және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарамсыз қалдықтарды жою актісін жасау арқылы жойылады. Актіде көрсетілген жарамсыз қалдықтар көлемі тауарлық-көліктік жүкқұжаттарға қоса, өлшеу ведомосімен расталуға тиіс.

#### **4-параграф. Собықтағы жүгеріні қайта өңдеуді және бастыруды ресімдеу**

24. Собықтағы жүгеріні қайта өңдеу, бастыру осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық қабылдау кәсіпорнының басшысы және ӨТЗ меңгерушісі қол қойған өкім бойынша жүргізіледі.

25. Собықтағы жүгеріні қайта өңдеу кезінде алынатын қалдықтар (аурулармен зақымдалған собықтар, өзектер, гүлшоқтар, қабықтар және басқалары), собықтың өзінен-өзі тазалану нәтижесінде алынған дәндер астық талдау карточкасымен қоса алынған қоспалардың өлшеу жолымен белгіленген массасы және ӨТЗ айқындаған ылғалдылығы және арамшөп қоспасы көрсетілетін осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша собықтағы жүгеріні қайта өңдеуге арналған актімен ресімделеді . Актіні астық қабылдау кәсіпорнының басшысы бекітеді.

26. Қайта өңдеу актісіне сәйкес собықтағы жүгерінің жеке шотынан нақты массасы шығарылады, ал дәндегі жүгерінің жеке шотына таза дәннің (бөгде қоспасыз) массасы кірістіріледі.

27. Собықтағы жүгеріні бастыру осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша собықтағы жүгеріні бастыруға арналған актімен ресімделеді. Акт әрбір жеке есептелінетін собықтағы жүгері партиясын бастыруға жасалады.

Жүгеріні бастырудан алынған астық, жанама өнімдер және I, II санатты қалдықтар (өзектен басқа) қоймаларға сақталу үшін жіберіледі және оларды материалдық жауапты тұлға міндетті түрде өлшеп және ӨТЗ сапасын айқындап қабылдайды.



Жүгеріні бастырудан алынған өзектің массасы таразыларда өлшеу жолымен айқындалады. Өзек массасының 1,2 %-ынан астам бастырылмаған дәні бар өзектер қайталама бастырылуға жатқызылады.

28. Бастырылуға берілген собықтағы жүгерінің мөлшері бастырылудан алынған жүгері дәні, жанама өнімдер, қалдықтар және өзектер массасының сомасы ретінде айқындалады. Бастырылған собықтағы жүгерінің сапасын (орташа өлшенген ылғалдылығын және собықтардан дәндердің шығымдылығын), сондай-ақ бастырудан кейін алынған дәннің, жанама өнімдердің, қалдықтар мен өзектің сапасын және өзектерде бастырылмаған дәннің болуын ӨТЗ айқындайды. Актілерге тіктегіштер мен астық талдау карточкалары қоса беріледі.

29. Собықтағы жүгеріні бастыру кезінде дәнді, қалдықтарды және өзектерді өлшеу үшін таразыны орнату мүмкін болмаған жағдайда олардың массасы өткізу кезіндегі құжат бойынша айқындалады.

### **5-параграф. Астықты тиеп жөнелтуді ресімдеу**

30. Астықты тиеп жөнелтуді материалдық жауапты тұлға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық қабылдау кәсіпорнының басшысы, астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтері және ӨТЗ меңгерушісі қол қойған бұйрықтың негізінде жүзеге асырады.

Астықты тиеп жөнелту бұйрықтары астық қабылдау кәсіпорнының астықты тиеп жөнелту бұйрықтарының есебі журналын жүргізетін есепші қызметкеріне беріледі.

31. Астықты тиеп жөнелтуді бастар алдында астық қабылдау кәсіпорнының мамандары көлік құралдарының техникалық жай-күйіне астықты тасымалдауға жарамдылығы тұрғысынан қарап-тексеру жүргізеді.

32. Астықты темір жол көлігімен тиеп жөнелткен кезде темір жол жүкқұжаттары мен сапа туралы құжаттар (астық талдау карточкалары және астық иесінің қалауы бойынша астық сапасы паспорттары) негізінде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша темір жол көлігімен тиеп жөнелту тізілімі жасалады. Тиеп жөнелтілетін астықпен темір жол жүкқұжаты және сапа туралы құжат (астық талдау карточкасы және астық иесінің қалауы бойынша астық сапасы паспорты) бірге жүреді.

Астық сапасы паспорты астықты экспортқа тиеп жөнелту кезінде ресімделеді.

33. Материалдық жауапты адам теміржол жүкқұжаттары мен астықты темір жол көлігімен тиеп жөнелту тізілімінің толтырылуының дұрыстығын тексереді.

34. Астықты автомобиль көлігімен тиеп жөнелткен кезде бұйрықта астықты тиеп жөнелту кім арқылы жүзеге асырылатыны және сенімхат нөмірі көрсетіледі. Астықты автомобиль көлігімен тиеп жөнелту астық тауарлық-көліктік жүкқұжаттармен және сапа туралы құжаттармен (астық талдау карточкаларымен және астық иесінің қалауы бойынша астық сапасы паспорттарымен) ресімделеді, олардың негізінде осы

Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автомобиль көлігімен тиіп жөнелтілген астық жүкқұжаттарының тізілімі жасалады.

35. Тиіп жөнелтуге бұйрық, тауарлық-көліктік жүкқұжаттар, тиіп жөнелтілетін астық тізілімдері, астық талдау карточкалары, астық сапасы паспорттарының көшірмелері астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтериясына беріледі. Осы құжаттар бойынша астық шығысқа шығарылады.

36. Астықты иесіне жіберу астық қолхатында көрсетілген мөлшерде және сапада жүргізіледі.

Ылғалдылығы, арамшөпті және дәнді қоспасы бойынша сақтау шартында көрсетілгеннен айрықша астық сапасының көрсеткіштері бар астық тиіп жөнелтілген жағдайда тараптардың келісімі бойынша нақты сапасын ескере отырып, есептелген нақты салмағына табиғи шегерім немесе үстеме жүргізілуі мүмкін.

Егер тараптар келісімге келе алмаса, дау сот тәртібімен шешіледі.

37. Нақты сапасы ылғалдылығы, арамшөп және дән қоспасы бойынша келісілген нормалардан ауытқыған кезде тиіп жөнелтілетін астық мөлшерін есептеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ылғалдылығы бойынша табиғи шегерім немесе үстеме пайызы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$U_B = \frac{100 \times (a - б)}{100 - б},$$

мұндағы:  $U_B$  - ылғалдылығы бойынша табиғи шегерім немесе үстеме пайызы;

$a$  - сақтау шарты бойынша астық ылғалдылығы, %;

$б$  - тиіп жөнелту кезіндегі астықтың нақты ылғалдылығы, %;

2) арамшөпті қоспасы бойынша табиғи шегерім немесе үстеме пайызы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$U_C = \frac{(в - г) \times (100 - U_B)}{100 - г},$$

мұндағы:  $U_C$  - арамшөпті қоспасы бойынша табиғи шегерім немесе үстеме пайызы;

$в$  - сақтау шарты бойынша арамшөп қоспасының құрамы, %;

$г$  - тиіп жөнелту кезіндегі нақты арамшөп қоспасының құрамы, %;

$U_B$  - ылғалдылығы бойынша нақты шегерім немесе үстеме пайызы;

3) дән қоспасы бойынша табиғи шегерім немесе үстеме пайызы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$U_3 = \frac{(д - е) \times (100 - U_B)}{100 - е},$$

мұндағы:  $U_3$  - дән қоспасының бойынша табиғи шегерім пайызы;

д - кіріс бойынша дән қоспа құрамы, %;

е - сақтау шарты бойынша дән қоспасының құрамы, %;

Ув - ылғалдылығы бойынша табиғи шегерім пайызы;

4) ылғалдылығы, арамшөп және дән қоспасы бойынша табиғи шегерімнің немесе үстемелің жалпы массасы (У) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Пз \times (Ув + Ус + Уз)$$

$$У = \frac{\text{-----}}{100},$$

100

мұндағы: Пз - есептелген нақты салмағы;

5) тиеп жөнелтілетін астық мөлшері = Пз +(-) У.

Формулалар бойынша табиғи шегерімдер мен үстемелер 0,01 %-ға дейінгі дәлдікпен айқындалады.

38. Ылғалдылығы, арамшөп және дән қоспасы бойынша астықтың кемуінің негізділігін есептеу әрбір астық иесіне осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептеме-актімен ресімделеді. Есеп актісі кіріс бойынша (қабылдау кезіндегі) астық сапасын көрсетумен және тиеп жөнелту кезіндегі нақты сапасын ескерумен шығыс бойынша жұмсалған астық партиясына жасалады. Есеп актісін астық қабылдау кәсіпорнының жауапты қызметкері есептейді және ресімдейді, оған астық қабылдау кәсіпорнының бас бухгалтері, ӨТЗ меңгерушісі, материалдық жауапты адам қол қояды және астық қабылдау кәсіпорнының басшысы бекіткеннен кейін астық иесіне беріледі.

39. Астық сақтау қоймасы аумағының ішінде астықтың орнын ауыстыру бұйрық негізінде жүргізіледі және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық сақтау аумағының ішінде астықтың орнын ауыстыру жүкқұжатымен ресімделеді. Астықты қоймадан қоймаға орнын ауыстыру кезінде астық партиясының массасы мен сапасы астықтың талдау карточкасын ресімдей отырып, материалдық жауапты тұлғалардың қатысуымен бір рет айқындалады.

40. Тиеп жөнелтілетін тұқымның әрбір партиясына:

1) барлық дақылдардың элита және суперэлита тұқымдарына, сондай-ақ өздігінен тозаңданған топ пен будан жүгерілерінің тұқымдарына – Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 тамыздағы № 453 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3080 болып тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық) нысан бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының аттестаты;

2) барлық қалған репродукциялар тұқымдарына – бұйрықпен бекітілген нысан бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының куәлігі қоса берілуі тиіс.

## **6-параграф. Сандық-сапалық есеп кітабын жүргізу**

41. Астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтериясы осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықтың сандық-сапалық есебі кітабын және 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша собықтағы жүгерінің сандық-сапалық есебі кітабын жүргізеді.

Астық, жанама өнімдер, I, II және III санатты қалдықтар сандық-сапалық есеп кітабында массасы, ылғалдылығы, арамшөпті және дәнді қоспасы көрсетіле отырып; собықтағы жүгері бойынша собықтардың массасы мен орташа өлшенген ылғалдылығы көрсетіле отырып есептеледі.

42. Сандық-сапалық есеп кітабында әрбір астық иесіне, ал астық иесі бойынша әрбір дақылға, астық сыныбына және егін жылына, тұқымға дақылдары, сорттары, репродукциялары, санаттары және сыныптары бойынша жеке шоттар жүргізіледі.

Жаңа егін астығы мен өткен жылдардағы егін астығының жеке шоттарын біріктіруге жол берілмейді.

Қабылданатын әртүрлі дәрежедегі кемістігі бар астық қалыпты астықтан жеке есептеледі.

43. Сандық-сапалық есеп кітабын жүргізуді астық қабылдау кәсіпорнының басшысы айқындайтын лауазымды тұлға жүзеге асырады, оған

1) сандық-сапалық есеп кітабы бойынша деректерді материалдық жауапты тұлғалардың қоймалық есеп деректерімен және жүктерді таразыда өлшеуді тіркеу журналдарымен күнделікті салыстырып тексеруді жүргізу;

2) деректерді уақытылы және дұрыс көрсету;

3) қоса берілген бастапқы құжаттары бар есептердің сақталуына жауапкершілік жүктеледі.

44. Жеке шоттардағы барлық жазулар кіріс және шығыс операцияларын көрсететін дұрыс жасалған және қол қойылған құжаттар, сондай-ақ сапа туралы құжаттар (астық сапасы паспорттары және астық талдау карточкалары) негізінде жүргізіледі.

Сандық-сапалық есеп кітабындағы кіріс және шығыс жөніндегі жазуларды мынадай құжаттарды:

1) орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасы айқындалып автомобиль көлігімен қабылдаған астықтың жүкқұжаттар тізілімдері және автомобиль көлігімен тиеп жөнелтілген астықтың жүкқұжаттар тізілімдерін;

2) темір жол көлігімен қабылданған астықтың жүкқұжаттар тізілімдері және астықты темір жол көлігімен тиеп жөнелту тізілімдерін негізге ала отырып, бір күнгі қорытынды бойынша жүргізуге рұқсат етіледі.

Жүк алушылардың наразылықтары бойынша артық немесе кем тиелген астық туралы жазулар сандық-сапалық есеп кітабының шығыс бөлігіне жазылады. Артық тиеу кезіндегі шығыстардың көбеюі туралы жазулар қара (көк) түспен, кем тиеу кезіндегі шығыстардың азаюы туралы жазулар қызыл түспен жазылады.

Сандық-сапалық есеп кітабындағы жазулар күн сайын операция күнінен кейінгі күннен кешіктірмей жазылады.

Сандық-сапалық есеп кітабында ылғалдылығының, арамшөпті және дәнді қоспасының көрсеткіштері 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен жазылады.

45. Центнер-пайыздар астық партиясының массасын оның ылғалдылығына, арамшөп және дән қоспасына көбейту арқылы есептеледі және бүтін бірліктерде қойылады. 0,5-тен кем үлестер алып тасталады, ал 0,5 және одан жоғары үлестер бірлік ретінде қабылданады.

Центнер-пайыздар белгілі уақыт кезеңіне ылғалдылығы, арамшөп және дән қоспасы бойынша орташа өлшенген сапасын айқындау мақсатында центнер-пайыздар сомасын астық массасына бөлу жолымен есептеледі және 0,01 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

46. Кіріс және шығыс, центнер-пайыздар бойынша қорытындылар күн сайын және бір айға шығарылуы тиіс. Қалдық алдыңғы қалдықтың кіріспен сомасын шығару және одан шығысты алып тастау жолымен есептеледі. Егер бір күн ішінде кіріс немесе шығыс операциялары болса, қалдық күн сайын есептеп шығарылады.

Материалдық жауапты адам есептеп шығарылған қалдықтардың дұрыстығын күн сайын өз қолын қойып куәландырады. Астық қабылдау кәсіпорнының бас бухгалтері мен ӨТЗ меңгерушісі ай сайын сандық-сапалық есеп кітабындағы жазулардың дұрыстығын тексереді: біріншісі – центнер-пайыздар бөлігінде, екіншісі – сапа көрсеткіштері бөлігінде. Жеке шоттарда жүргізілген тексерулер туралы белгі қойылады.

47. Жанама өнімдер мен қалдықтар сандық-сапалық есеп кітабындағы астық шотынан тізілімдерге сәйкес алдын ала шығарылады және оларды сақтау орны бойынша кіріске алынады. Ылғалдылығы, арамшөп және дән қоспасы бойынша кемуді түпкілікті есептен шығару астықты тиіп жөнелту кезінде астықтың нақты сапасы бойынша есеп актісін жасаған кезде жүргізіледі.

48. Собықтағы жүгерінің сандық-сапалық есебін материалдық жауапты адамдарға: тауарлы жүгері бойынша – сақтау орны бойынша бөлмей, сортты және буданды жүгері бойынша – сорттар мен будандардың бөлек қалыптастырылатын партиялары бойынша жүргізуге рұқсат етіледі.

49. Сандық-сапалық есеп кітабында басқа астық қабылдау кәсіпорындарынан келіп түскен астықтың сапасы:

1) егер талдау кезінде сапасындағы айырмашылықтар жол берілген ауытқу нормаларынан артық болмаса, жөнелтушінің астық сапасы паспортының немесе астық талдау карточкасының;

2) сапасындағы айырмашылықтар жол берілген ауытқу нормаларынан артық болғанда және жөнелтушіге сапа айырмашылықтары бойынша наразылық актісі жолданғанда қайта берілген астық сапасы паспортының;

3) сапасындағы айырмашылықтар жол берілген ауытқу нормаларынан аса жоғары болғаны наразылық актілерімен ресімделмегенде, жөнелтушінің астық сапасы паспортының немесе астық талдау карточкасының;

4) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымы аттестатының немесе куәлігінің деректері бойынша жазылады.

50. Сандық-сапалық есеп кітабындағы астық иелерінің жеке шоттарын астық қабылдау кәсіпорнының лауазымды адамы есеп актісі бойынша жабады.

51. Сандық-сапалық есеп кітабы электрондық түрде жүргізілуі мүмкін.

Жеке шот бойынша астықтың қозғалысы жағдайында тәуліктің соңында астық сақтау қоймасындағы астық пен ыдыстардың қозғалысы туралы есеп деректері бар қорытынды тексеріледі. Бір күн ішіндегі астық қозғалысын көрсететін парақтар басып шығарылады, есеп қызметкері мен материалдық жауапты адам оларға қол қояды және оларды нөмірлейді. Әрбір астық партиясы бойынша операциялар аяқталғаннан және есеп актісі жасалғаннан кейін жеке шоттарды астық қабылдау кәсіпорны түптейді және жалпы негіздерде сақтайды.

52. Сандық-сапалық есеп кітабының мұқабасында: астық қабылдау кәсіпорнының атауы, кітаптың түгендеу нөмірі, сақтау орнының түрі және нөмірі, осы кітап арналған астық иесінің атауы (тегі, аты мен әкесінің аты) материалдық жауапты адамның тегі, аты мен әкесінің аты көрсетілуге тиіс.

## **7-параграф. Сақтау қоймаларын тазарту**

53. Астық қабылдау кәсіпорны астық қабылдау кәсіпорны басшысының шешімі бойынша астық сақтау қоймасын тазартуды жүргізеді.

54. Тазартуды астық қабылдау кәсіпорнының басшысы тағайындаған құрамдағы комиссия мүшелері: астық қабылдау кәсіпорнының басшысы, ӨТЗ меңгерушісі, астық қабылдау кәсіпорнының бас бухгалтері және материалдық жауапты адам жүзеге асырады. Астық сақтау қоймасын тазарту кезінде осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық сақтау қоймасын тазарту актісі жасалады. Тазарту актісін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде комиссия мынадай құжаттар негізінде операция нәтижелерін белгілейді:

1) бастапқы құжаттар бойынша астықтың саны мен сапасына, сондай-ақ массасы және ылғалдылығы, арамшөпті және дәнді қоспасы бойынша орташа өлшенген көрсеткіштерін есептеу дұрыстығына қатысты тексерілген сандық-сапалық есеп кітаптары;

2) қойма есептері және бастапқы кіріс-шығыс құжаттары: тауарлық-көліктік жүкқұжаттар, темір жол жүкқұжаттары, орнын ауыстыру жүкқұжаттары, астықты тазалау, кептіру актілері, тиеп жөнелту бұйрықтары, есеп актілері, жарамсыз қалдықтарды жою актілері және басқалары;

3) коммерциялық актілер және астықтың саны мен сапасындағы айырмашылықтар бойынша наразылық актілері;

4) астық сапасы паспорттары, астық талдау карточкалары және зертханалық талдау нәтижелерін тіркеу журналдары;

5) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының аттестаттары немесе куәліктері.

55. Астық жетіспеушілігінің көлемі сандық-сапалық есеп бойынша астықтың кірісі мен шығысы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады. Сақтау процесінде астық сапасының өзгеруін талдау негізінде жетіспеушілік негізделген және негізделмеген болып бөлінеді.

Кемудің негізділігі сақтау кезінде қол жеткізілген астық сапасының жақсаруына қатаң сәйкестікте, яғни ылғалдылығының, арамшөпті және дәнді қоспасының төмендеуімен белгіленеді. Астықты тазалау, кептіру бойынша жүргізілген операциялар астықты тазарту, кептіру өкім актісімен расталуға тиіс.

56. Астықтың негізделген кемуі мынадай формулаларға сәйкес жүргізілген есептеумен расталады:

1) ылғалдылықтың төмендеуі (кебу) есебінен кему,  $Ув$ , %:

$$Ув = \frac{100 \times (a - б)}{100 - б},$$

мұндағы:  $a$  - кіріс бойынша астық ылғалдылығы, %;

$б$  - шығыс бойынша астық ылғалдылығы, %;

2) арамшөпті қоспа құрамының төмендеуі есебінен кему,  $Ус$ , %:

$$Ус = \frac{(в - г) \times (100 - Ув)}{100 - г},$$

мұндағы:  $в$  - кіріс бойынша арамшөпті қоспа құрамы, %;

$г$  - шығыс бойынша арамшөпті қоспа құрамы, %;

$Ув$  - ылғалдылық бойынша кему пайызы, %;

3) дәнді қоспалар азаюы есебінен кему,  $Уз$ , %:

$$Уз = \frac{(д - е) \times (100 - Ув)}{100 - е},$$

мұндағы:  $д$  - кіріс бойынша дән қоспасының құрамы, %;

$е$  - шығыс бойынша дән қоспа құрамы, %;

$Ув$  - ылғалдылығы бойынша кему пайызы, %.

57. Арамшөпті және дәнді қоспасының төмендеуі есебінен астықтың кемуін есептен шығару 0,2 %-дан аспайтын мөлшерде жүргізіледі. Тазартуға немесе механизмдермен

орнын ауыстыруға ұшырамаған астық партиялары бойынша сақтау процесі кезінде арамшөп және дән қоспасының төмендеуі есебінен кемуді есептен шығаруға жол берілмейді.

58. Жүгері өңдеу зауыттарында әрбір жеке ескерілетін жүгері партиясын өңдеуді аяқтағаннан кейін осы жүгері партиясын сақтау орнын және зауыттың өндірістік корпусын толық тазарту жүргізіледі.

Өңдеуге жіберілген собықтағы жүгері массасы кептіру камераларына тиелген жүгеріні өлшеу бойынша есептелетін жүгері өңдеу зауыттарында сақтау орындарын тазарту және оның нәтижелерін айқындау собықтағы және дәндегі жүгері көлемін және олардың орта алынған ылғалдылығын кіріс бойынша өңдеуден кейін алынған дәндегі жүгерінің (ұсақ дәнділерді қоса), шығыс бойынша қалдықтар мен өзектердің мөлшерімен және олардың орташа ылғалдылығымен салыстыру арқылы жүргізіледі.

Бұл жағдайларда әрбір жеке есепке алынатын жүгері партиясына осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша собықтағы жүгері сақтау орнын тазарту актілері жасалады.

Жүгері өңдеу зауыттарында және цехтарында жүгеріні өңдеу кезінде алынған әрбір сорт пен будан қалдықтарын технологиялық схема бойынша бөлу мүмкін болмаған жағдайда, оларды сорттар мен будандар бойынша бөлу осы немесе басқа сортты және буданды собықтағы жүгерінің бастыруға жіберілген массасына пропорционалды жүргізіледі.

Тазарту актілерін жасау кезінде:

- 1) кіріс бойынша – собықтағы жүгерінің сандық-сапалық есебі кітабының деректері;
- 2) шығыс бойынша – жүгері тұқымының және өндірістен алынған жарамсыз жүгерінің, ұсақ дәнді жүгерінің, өзектер мен қалдықтардың сандық-сапалық есебі кітабының деректері пайдаланылады. Бұл ретте, кәсіпорынға қайтарылған жарамсыз жүгерінің мөлшері тазарту актісінің "5а" деген жолында көрсетіледі.

Өңдеу процесіндегі жүгерінің механикалық шығындары өңдеуге берілген жүгері массасының 0,2 % шегінде тазарту актісі бойынша есептен шығаруға қабылданады.

59. Тазарту актісінде астық мөлшері килограммда, ылғалдылығының, арамшөпті және дәнді қоспасының орташа өлшенген көрсеткіштері 0,01 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. 0,004 %-ға дейінгі бөлшек үлестер алып тасталады, ал 0,005 % және одан жоғары үлестер 0,01% ретінде қабылданады.

60. I, II және III санатты қалдықтарды сақтау нәтижелері түгендеу актілерімен ресімделеді, материалдық құндылықтар үшін белгіленген тәртіппен қаралады және бекітіледі.

61. Егер тазарту кезінде артық астық анықталса, бұл артық бөлікті астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтериясы тазарту актісінде көрсетілген кезеңде сақталған және сақтауда тұрған астық көлемдеріне пропорционалды түрде астық иелерінің жеке шоттарына кіріске қабылдауы тиіс.



62. Егер тазарту кезінде негізделмеген жетіспеушілік анықталса, астық қабылдау кәсіпорны оны тазарту актісінде көрсетілген кезеңде сақталған және сақтауда тұрған астық көлеміне пропорционалды түрде астық иелерінің жеке шоттарына өтеуді жүзеге асырады.

63. Түгендеу астық қабылдау кәсіпорны басшысының шешімі бойынша барлық қолда бар астықты жаппай қайта өлшеу, қайта есептеу және астық қабылдау кәсіпорнында сақтауда тұрған астықтың нақты бар болуын бухгалтерлік есеп деректерімен салыстырып тексеру жолымен жүзеге асырылады.

## **8-параграф. Келіспеушіліктерді шешу тәртібі**

64. Астық иесі немесе материалдық жауапты адам ӨТЗ жүргізген талдау деректерімен келіспеген жағдайда, олардың қатысуымен астықты қайталама талдау жүргізіледі.

Қайталама талдау нәтижелерімен келіспеген жағдайда іріктелген сынама:

1) қосарланған полиэтилен пакетімен түйіп-буылады, ол мынадай ақпараты бар заттаңбамен мөрленіп жабылады:

дақылдың атауы;

астық иесінің атауы;

астық қабылдау кәсіпорнының атауы;

жөнелту пункті;

партия массасы;

сынама іріктелген күні;

сынама салмағы;

сынаманы іріктеген ӨТЗ маманының тегі;

жергілікті атқарушы органы маманының тегі;

ӨТЗ маманының, астық иесі мен жергілікті атқарушы орган маманының қолдары;

2) ӨТЗ астық талдау карточкасымен және астық иесінің өтінімімен бірге сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген астық сапасын сараптау жөніндегі зертханаға (бұдан әрі – аккредиттелген зертхана) үш тәулік ішінде жолданады.

Сынамалар астық сапасының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайда тасымалданады.

65. Егер алушы астық қабылдау кәсіпорнының ӨТЗ астық сапасын талдау кезінде астықты тиіп жөнелту орны бойынша берілген сапасы туралы құжаттың (астық сапасы паспортының немесе астық талдау карточкасының) деректерімен жол берілген ауытқушылықтар нормаларынан артық айырмашылықтарды анықтаса, шағым жасаудың мынадай тәртібі белгіленеді:

1) жиырма төрт сағат ішінде жіберушінің өкілі жеделхатпен шақыртылады;

2) жіберуші, алушы өкілдерінің және жергілікті атқарушы орган маманының қатысуымен сынама іріктеу (4 (төрт) килограммнан кем емес) іріктеу актісін ресімдеу арқылы жүргізіледі;

3) даулы астық партиясы алушы астық қабылдау кәсіпорнының бос сақтау қоймасына түсіріледі және басқа астық партияларымен араластырылмайды. Алушының өкілдері мен жергілікті атқарушы орган маманың қолдары қойылған астықты түсіру актісі мен қойманы қарап-тексеру актісі жасалады. Қойманы жергілікті атқарушы органының маманы мөрлеп бекітеді.

Егер даулы астық партиясынан сынама іріктеу мүмкін болмаса, сондай-ақ осы тармақтың жоғарыда көрсетілген тармақшаларындағы талаптардың кем дегенде біреуі сақталмаған жағдайда, сапасы туралы құжатқа (астық сапасы паспортына немесе астық талдау карточкасына) алушының білдірген шағымы кері қайтарылады.

Іріктелген сынамадан әрқайсысы екі килограммнан кем емес 2 (екі) сынама бөліп алынады. Бір сынама іріктеу актісімен, алушы астық қабылдау кәсіпорнының ӨТЗ астық талдау карточкасымен және астықты тиеп жөнелту орны бойынша берілген сапасы туралы құжатпен (астық сапасы паспортымен немесе астық талдау карточкасымен) бірге сапаны тәуелсіз бағалау үшін аккредиттелген зертханаға ұсынылады, екінші сынама келіспеушілікті толық қарап болғанға дейін жергілікті атқарушы орган маманында сақталады. Аккредиттелген зертханадағы сынақтар жергілікті атқарушы орган маманының тікелей қатысуымен жүргізіледі. Сапаны тәуелсіз бағалау жөніндегі қызметтердің төлемін алушы жүргізеді. Астықты тиеп жөнелту орны бойынша берілген сапасы туралы құжатты (астық сапасы паспорты немесе астық талдау карточкасы) мойындамаған жағдайда жөнелтуші астық сапасын сараптауды жүргізу шығыстарын өтейді.

Мәлімделген сапа көрсеткіштеріне сәйкес жүргізілген сынақтар нәтижелері бойынша аккредиттелген зертхана сынақтар хаттамасын береді, оның негізінде жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі астықты тиеп жөнелту орны бойынша берілген сапа туралы құжатты (астық сапасы паспортын немесе астық талдау карточкасын) мойындауы (мойындамауы) туралы шешім қабылдайды.

Егер алынған нәтижелер мен наразылық білдірген сапасы туралы құжаттың (астық сапасы паспортының немесе астық талдау карточкасының) сапа көрсеткіштері арасындағы сападағы айырмашылықтар стандартта жол берілген нормалардан аспаса, осы құжаттың дұрыстығы аккредиттелген зертхананың сынақтар хаттамасымен және құжаттың артқы бетіндегі жергілікті атқарушы орган маманының жазбасымен расталады. Жазба жергілікті атқарушы орган маманының мөрімен расталады. Астықты тиеп жөнелту орны бойынша берілген сапа туралы құжатты (астық сапасы паспортын немесе астық талдау карточкасын) және сынақтар хаттамасын аккредиттелген зертхана астық алушыға береді.

Егер алынған нәтижелер мен наразылық білдірген сапа туралы құжаттың (астық сапасы паспортының немесе астық талдау карточкасының) сапа көрсеткіштері арасындағы сападағы айырмашылықтар стандартта жол берілген нормалардан асатын болса, онда жергілікті атқарушы орган шешімінің негізінде сапаны тәуелсіз бағалауды жүргізген аккредиттелген зертхана жаңа астық сапасы паспортын ресімдеуді және астық алушыға беруді жүргізеді.

Жергілікті атқарушы орган мойындалмаған паспортты берген аккредиттелген зертхананың басшысына паспортта көрсетілген деректерге нақты сапа көрсеткіштерінің сәйкес еместігі туралы хабарлайды.

Алушы астық қабылдау кәсіпорны осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық сапасындағы айырмашылық бойынша наразылық актісін төрт данада жасайды, оны осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықтың мөлшері мен сапасындағы айырмашылықтар бойынша ұсынылған наразылық актілерін тіркеу журналында тіркейді және күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейінгі мерзімде жөнелтушіге наразылық актісімен қоса шағымды және жаңадан берілген астық сапасы паспортының көшірмесін жолдайды.

Наразылық актісінің екінші данасы даулы астық партиясын тиеп жөнелткен астық қабылдау кәсіпорнына жіберіледі, ол алынған наразылық актілерін осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықтың мөлшері мен сапасындағы айырмашылықтар бойынша ұсынылған наразылық актілерін тіркеу журналында тіркейді және шағым түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оны қарайды.

Наразылық актісінің үшінші данасы астық алушыға, төртінші данасы астықты тиеп жөнелткен астық қабылдау кәсіпорнының сандық-сапалық есеп кітабындағы сапа бойынша өзгерістерді тексеру үшін астықты жөнелту орны бойынша жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

Егер сапа бойынша келіспеушілік жоғарыда көрсетілген тәртіппен шешілмеген жағдайда, дау сот тәртібімен шешіледі.

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

66. Жүру жолында астықтың сапасы төмендеген немесе бүлінген жағдайда шағымталап (көлік ұйымына немесе жөнелтушіге) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

67. Мөлшері (массасы) бойынша осы Қағидаларға 24-қосымшада көрсетілген теміржол көлігімен тасымалдау кезіндегі астықтың табиғи кему нормаларынан артық айырмашылықтар кезінде шағымталап көліктік ұйымдарға немесе жүк жөнелтушіге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынылады. Бұл ретте алушы астық қабылдау кәсіпорны осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық мөлшеріндегі айырмашылықтар бойынша наразылық актісін жасайды

және оны осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астықтың мөлшері мен сапасындағы айырмашылықтар бойынша ұсынылған наразылық актілерін тіркеу журналында тіркейді.

68. Жүктің жетіспегені немесе бүлінгені үшін көлік ұйымына наразылықтар Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде ұсынылады.

69. Ілеспе құжаттарында көрсетілген жүк массасының алушы белгілеген массадан шекті жол берілген айырмашылықтары қолданыстағы стандарттарға сәйкес айқындалады.

## **9-параграф. Астық сақтау қоймаларында сақтаудағы астықтың мөлшерін айқындау тәртібі**

70. Астық сақтау қоймаларындағы астықтың көлемін есептеу кезінде элеватор конструкциясының деректерін, сүрлемнің, шанақтардың, қоймалардың, көлемі мен нысанын, сондай-ақ оларда сақталатын астық сапасының жай-күйін басшылыққа алу қажет.

71. Астық сақтау қоймаларында сақталатын астықтың мөлшерін айқындау үшін жергілікті атқарушы органның басшысының бұйрығымен мынадай құрамда комиссия құрылады: жергілікті атқарушы орган маманы, астық қабылдау кәсіпорнының басшысы (басшының орынбасары), материалдық жауапты адам және ӨТЗ маманы (бұдан әрі – Комиссия).

**Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

72. Астық қабылдау кәсіпорны Комиссияға мынадай құжаттарды:

- 1) АҚҰМЭТ-дан астық қолхаттарын ұстаушылар туралы ақпаратты;
- 2) астықтың сандық-сапалық есебі кітабын;
- 3) астық сақтау қоймасындағы астық пен ыдыстың қозғалысы туралы есепті;
- 4) астықты сақтауға арналған ыдыстар мен қоймалардың паспорттық деректерін;

5) сүрлемдік корпустардың, еденде сақтау қоймаларының орналасу, астық кептіргіштердің, тиеу-түсіру нүктелерінің, таразы жабдығының, элеватордың сүрлем картасының орналасу схемасын;

6) сақталудағы астықты, оның ішінде астық натурасы көрсеткішінің соңғы тексеріп қарау деректерін ұсынады.

Қажет болған кезде Комиссия қолданыстағы стандарттарға сәйкес астық натурасын (сүрлемдерде және еденде сақтау қоймаларында таңдай отырып) дербес анықтауға құқылы.

Ескерту. 72-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.06.2016 № 280 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Комиссия астықты өлшеуді жүргізген кезде белгіленген тәртіппен тексеруден өткен (тексеру туралы сертификаты, таңбасы, лейблi немесе пломбасы бар) арнайы өлшегіш аспаптар (өлшеуіш – нақты градуирленген, тозбайтын жабындысы бар өлшегіш лента не лазерлік қашықтық өлшегіш – лазерлік сәулені пайдалана отырып, қашықтықты өлшеуге арналған аспап) пайдаланылады.

Лазерлік қашықтық өлшегішті пайдаланған кезде шаң-тозаңдық жапқыштан кедергілердің пайда болатынын ескеру қажет.

74. Астықты өлшеу кезінде элеватордың жұмыс мұнарасындағы жедел шанақтар босатылуы тиіс.

Комиссия өлшеу жүргізуді элеватордың жоғарғы қабатынан сүрлем үстіндегі галереядан бастайды. Сүрлемді визуалды тексеру жарық беруші фонарьдың көмегімен жүргізіледі. Өлшеуіш жүкпен бірге сүрлемге люк арқылы жүктің астық үйіндісінің беткі қабатымен жанасқанға дейін түсіріледі. Өлшеуіш созылады және люктан бастап үйіндінің беткі қабатына дейінгі еркін кеңістіктің биіктігі өлшенеді. Комиссия мүшелері салыстырып тексеру кезінде бірдей болуы тиіс өлшеу жазбаларын қатар жүргізеді.

75. Астықты орталық ось бойынша беру және шығару кезінде дөңгелек сүрлемдегі  $E_c$  (тонна) астық мөлшері мынадай формула бойынша анықталады:

$$E_c = \pi R^2 (1/3 H_1 + H_2 + 1/3 H_3) \gamma;$$

мұндағы:

$\gamma$  – астықтың көлемді массасы, тонна/текше метр;

$R$  – сүрлемнің ішкі радиусы, метр;

$H_1$  – сүрлемнің жоғарғы конустық бөлігінің биіктігі, метр ( $H_1 = R \operatorname{tg}$

$\alpha$

формуласы бойынша есептеледі, мұндағы

$\alpha$

– сүрлемді толтыру кезіндегі астықтың табиғи еңісінің бұрышы (

$\alpha$

$= 26^\circ$ );  $\operatorname{tg}$

$\alpha$

$= 0,49$ );

$H_2$  – сүрлемнің цилиндрлік бөлігінің биіктігі, метр;

$H_3$  – сүрлемнің төменгі конустық бөлігінің биіктігі, метр (паспорттық деректерге сәйкес).

Өлшеу нәтижелері осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дөңгелек сүрлемдер үшін өлшеу актісімен ресімделеді.

Сүрлемдегі астықтың орналасу схемалары осы Қағидаларға 27-қосымшада келтірілген.

